

AYALA ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ СИПАТЫ

AYALA қайырымдылық қорының 2025 жылғы 11 қаңтардағы стратегиялық сессиясында оның ағымдағы жылғы қызметінің негізгі бағдарламалық бағыттарын айқындайтын қор жұмысының 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мынадай стратегиялық мақсаттары қабылданды:

№ 1 МАҚСАТ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ НЕОНАТАЛДЫҚ ДӘРІГЕРЛЕР, ОФТАЛЬМОЛОГТАР, МЕДБИКЕЛЕР, АКУШЕРЛЕР, УДЗ-МАМАНДАР ҮШІН САРАПТАМА ОРТАЛЫҒЫ БОЛУ;

№ 2 МАҚСАТ: СӘБИ МҮГЕДЕКТИГІ МЕН ӨЛІМ-ЖІТІМІН АЗАЙТУ – СӘБИ ӨЛІМ-ЖІТІМІ БОЙЫНША 31.12.2025 ЖЫЛЫ 7,2 НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШІНЕ ЖЕТУДЕ МЕМЛЕКЕТКЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ;

№ 3 МАҚСАТ: АНА ӨЛІМ-ЖІТІМІН АЗАЙТУ - АНА ӨЛІМ-ЖІТІМІ БОЙЫНША 31.12.2025 ЖЫЛЫ 10,0 НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШІНЕ ЖЕТУДЕ МЕМЛЕКЕТКЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ;

№ 4 МАҚСАТ: ТАЛАНТТЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР МЕН ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ.

«AYALA» қайырымдылық қоры алға қойған мақсаттарға жету үшін серіктестермен - заңды тұлғалармен және жеке тұлғалармен краудфандингтік арналар арқылы, 2025 жылы негізгі жобаларды іске асыру үшін тартуды жоспарлап отырған жалпы бюджет **614 000 000 теңгені** құрайды.

AYALA қоры Қамқоршылық кеңесі бекіткен 2025 жылға арналған Стратегиялық мақсаттар шеңберінде қайырымдылық жобаларды іске асыру үшін қаражат тарту жөніндегі жоспарлар әріптестердің ұсынылған ынтымақтастыққа берген жауабы, қор жобаларына қолдау көрсетуге шақыратын жеке тұлғалардың жауабы секілді бірқатар объективті жағдайларға байланысты толық көлемде орындалмауы мүмкін екенін хабарлайды. Бекітілген стратегиялық мақсаттар шеңберінде 2025 жылы Қор іске асырған жобалардың нақты бюджеті туралы есеп 2026 жылғы II жартыжылдықта Қордың сайтында жарияланатын Қордың қаржылық есептері (стандартты және тәуелсіз аудиторлар тексеруден өткен) түрінде көрсетілетін болады.

AYALA қоры 2025 жылы серіктестерден, демеушілерден, сондай-ақ краудфандингтік арналар арқылы жеке тұлғалардан тартылған барлық қаражат ұйымның әкімшілік шығыстарын жабуға соманы ұстап қалмай, 100% көлемде қайырымдылық жобаларды іске асыруға бағытталатынына кепілдік береді.

№ 1 МАҚСАТ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ НЕОНАТАЛДЫҚ ДӘРІГЕРЛЕР, ОФТАЛЬМОЛОГТАР, МЕДБИКЕЛЕР, АКУШЕРЛЕР, УЗИ-МАМАНДАР ҮШІН САРАПТАМА ОРТАЛЫҒЫ БОЛУ

№ 1 мақсатқа қол жеткізу үшін Қор мынадай жобаларды іске асыратын болады:

1.1. Неонатолог дәрігерлердің, неонаталдық медбикелердің, акушерлердің біліктілігін арттырудың «AYALA онлайн-академиясы» тегін платформасы үшін 31.12.2025 ж. дейін 3 онлайн курсты әзірлеу

Бюджет: 5 000 000 теңге

1.2. 31.12.2025 жылға дейін Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Тәжікстан неонатолог дәрігерлеріне арналған «AYALA онлайн-академиясының» білім беру мүмкіндіктерінің кемінде **4 таныстырылымын** өткізу (ҚР штаттан тыс бас неонатологы Бектұрған Кариннің, «Әлемді көремін» жобасының әзірлеушісі, м.ғ.к. Әсел Шарипованың, қор қызметкерлерінің қатысуымен)

Бюджет: 4 000 000 теңге

1.3. 2025 жылғы 17-18 қыркүйекте Алматыда Неонатологтар конференциясын өткізу
Бюджет: 35 000 000 теңге

1.4. Қазақстанда дәрігерлердің біліктілігін арттыру үшін 10 шеберлік сыныбын өткізу:

- феталды хирургия бойынша
- сараптамалық удз-диагностика бойынша
- неонаталдық офтальмология бойынша
- ана өлім-жітімін азайту бойынша

Бюджет: 20 000 000 теңге

№ 2 МАҚСАТ: СӘБИ МҮГЕДЕКТІГІ МЕН ӨЛІМ-ЖІТІМІН АЗАЙТУ – СӘБИ ӨЛІМ-ЖІТІМІ БОЙЫНША
31.12.2025 ЖЫЛЫ 7,2 НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШІНЕ ЖЕТУДЕ МЕМЛЕКЕТКЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ.

№ 2 мақсатқа қол жеткізу үшін қор мынадай жобаларды іске асыратын болады:

2.1. «ӘЛЕМДІ КӨРЕМІН» жобасы: үш Перинаталдық орталықты ретиналды камералармен жабдықтау:

- Астана қ. № 2 ҚКА
- Өскемен қаласының Ана және бала орталығы
- Түркістан облысының № 2 перинаталдық орталығы (Шымкент қаласында)

Бюджет: 90 000 000 теңге

2.2.3 Облыстық перинаталдық орталықтарды азот оксидін шығаруға арналған аппараттармен жарақтандыру

- Атырау облыстық перинаталдық орталығы
- Алматы қалалық перинаталдық орталығы
- Түркістан облысының № 2 перинаталдық орталығы

Бюджет: 78 660 000 теңге

2.3. Атырау қаласындағы Облыстық перинаталдық орталықтың неонаталдық хирургия бөлімшесін жарақтандыруға көмек көрсету

Бюджет: 63 933 000 теңге

2.4. Атырау қаласындағы Облыстық перинаталдық орталығының «Бір күн клиникасын» 1 микроскоппен және оған зертханалық жабдықпен жарақтандыруға көмек көрсету

Бюджет: 100 000 000 теңге

2.5. Қаскелең, Есік, Талғар қалаларындағы 3 Орталық аудандық аурухананың неонаталдық реанимацияларын автоматты гипотермияға арналған аппараттармен жарақтандыруға көмек көрсету

Бюджет: 100 262 400 теңге

2.6.2 Перинаталдық орталықта 2 емшек сүті банкін құруға көмектесу:

- Алматы қаласының Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы
- Түркістан облысының № 2 перинаталдық орталығы

Бюджет: 10 000 000 теңге

№ 3 МАҚСАТ: АНА ӨЛІМ-ЖІТІМІН АЗАЙТУ - АНА ӨЛІМ-ЖІТІМІ БОЙЫНША 31.12.2025 ЖЫЛЫ 10,0 НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШІНЕ ЖЕТУДЕ МЕМЛЕКЕТКЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ.

№ 3 мақсатқа қол жеткізу үшін Қор мынадай жобаларды іске асыратын болады:

3.1. Шокқа қарсы костюмдерді 3 өңірге: Алматы қаласына, Қарағанды қаласына, Шығыс Қазақстан облысына беру
Бюджет: 3 149 272 теңге

№ 4 МАҚСАТ: ТАЛАНТТЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР МЕН ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ

№ 4 мақсатқа қол жеткізу үшін Қор мынадай жобаларды іске асыратын болады:

4.1. SAMSUNG ҚАЗАҚСТАН компаниясының Орталық Азия елдеріне Solve for Tomorrow жобасын кеңейтуге көмек көрсету
Бюджет 51 145 000 теңге

4.2. SAMSUNG ҚАЗАҚСТАН компаниясының Қазақстанның 6 өңірінде Samsung Innovation Campus жобасын бүкіл ел бойынша офлайн және онлайн форматта **іске асыруға** көмек көрсету
Бюджет: 51 144 884 теңге

4.3. Қазақстанның аудан орталықтары мен шағын қалаларындағы кітапханаларды толық жарақтандыру және кітапхана қорымен толықтыру
Бюджет: 1 500 000 теңге